

Мыңбаева Акбілек Пазылхановнаның 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «философия докторы» PhD дәрежесін алу үшін жазылған «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» атты диссертациясы туралы

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарға) байланысы

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде қай салада болмасын маманның кәсіби білімі мен іскерлігіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл талап болашақ маманның жоғары оқу орнында игерген білімдерінің, құзыреттіліктерінің сапалы болуын көздейді. Ал жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім, яғни магистратурада маман құзыреттілігіне қойылар талап бұдан да жоғары.

Кәсіптік білімнің үшінші сатысында болашақ филолог мамандардың бойында қалыптасуы тиіс құзыреттіліктердің ең негізгісі – мәдени және тілдік құзыреттілік. Себебі магистранттар көркем шығарма мәтіндері негізінде ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін игеріп, сөз мәдениетін меңгереді. Сондықтан филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда көркем мәтіннің орны айырқша маңызды. Осы ретте диссертациялық жұмыстың тақырыбы бүгінгі күн сұранысына сай таңдалған тақырып деп көрсетуге болады.

Қазіргі ақпараттар ағыны заманында, ұлттық тіліміздің «Мәңгілік ел» идеясына сай өміршең болуы үшін филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігінің жоғары болуы бүгінгі күн талабы қойып отырған аса зор міндет. Сонымен бірге бәсекеге қабілетті, рухани құндылықтарды бойына сіңіре білген мәдени-тілдік тұлғаның қалыптасуы – заман талабы екені де жасырын емес.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдаған «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясындағы «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек», - деген пікірі ұлттық құндылықтарымызды жоғары бағалап, оларды қазіргі білім беру үдерісімен сабақтастырып, филолог-мамандарды дайындауда үнемі қолданып отыру керектігін алға тартады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – магистранттардың жоғары оқу орнында оқуы кезеңінде қажетті білім алуымен бірге олардың бойында болашақ кәсіби қызметінің толықтай құрылымын қалыптастыру. Бұл дегеніміз – маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыруда мақсатқа жету үшін әрекеттің бір түрінен екінші түріне, яғни кәсібилікке көшуді қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде А.П. Мыңбаеваның қорғауға ұсынып отырған тақырыбы зерттеп отырған жұмысының өзектілігін сипаттайды.

Зерттеу нысанына алынған тақырып тіл білімінің көптеген салаларымен іштей тығыз астасып жатса, екінші жағынан, жұмыс философия, психология, педагогика, әдістеме сияқты ғылымдармен өзара пәнаралық байланысты жазылған.

Зерттеу жұмысының жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы қазіргі кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін қолдану мен дамытуға деген сұраныстағы қажеттілікті өтеу мақсатына бағытталған әртүрлі құжаттарға (Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдаулары, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» және т.б.) сәйкестігінен және осы бағыттағы іс-шаралардың жүзеге асыруға бағдарланғандығынан көрінеді.

2. Диссертацияға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағына және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Зерттеу жұмысында тақырыптың өзектілігі дәлелді баяндалып, диссертация көтерген мәселелер бойынша зерттеушінің алға қойған міндеттер және оларды шешу мақсатында алынған ғылыми жаңалықтары мен қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар белгіленген.

Диссертациялық жұмыста ізденуші әртүрлі мәтіндерді пайдаланып отырып, магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда негіздей келіп, әдістемесін жасауды мақсат еткен.

Диссертация кіріспеден, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ізденуші зерттеу негізінде бірқатар ғылыми тұжырымдар жасауға қол жеткізген.

Диссертацияның бірінші тарауы магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздеріне арналып, үш тармақшаға бөлінген. Осы тарауда ізденуші алдымен жоғары оқу орнына кейінгі білім беру жүйесіндегі филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мақсаты үшін мәтінді ұлт мәдениетін сақтаушы жинақтаушы ретінде бағалаған ғалымдар пікірін басшылыққа ала отырып, мәтіннің әдебиеттану мен лингвистикадағы мәдени бірлік бола алатындығын дәлел көрсеткен.

Зерттеуде тақырыпты ашу мақсатында бірнеше ғылыми нәтижелердің алынғанын атауға болады:

– қазіргі білім беру парадигмасындағы мәдени-тілдік құзыреттілікке қатысты біршама ғалымдардың пікірін талдай келіп, тың тұжырымдар жүйелеген;

– филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы тіл мен мәдениет бірлігін дәлелдеген пікірлерін аша түсіп, олардың арасындағы дағдылар жүйесін анықтаған;

– көркем мәтін – ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, айнасы деп тұжырымдай келіп, одан әрі мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың әдіснамасын зерделеген;

– мәтін талдаудың лингвистикалық, лингвостилистикалық, филологиялық деп бөлінетін кешенді түрлерін ізденуші өзі қарастырып отырған мәселеге байланысты пайымдай келіп, мәтін талдаудың концептуалды моделін ұсынған;

– мәтін арқылы филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруды тәжірибе барысында дәлелдеген. Ол үшін алдымен білім алушылардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың ұстанымдары мен әдістерін нақтылаған. Ізденушінің ғылыми зерттеуінің негізгі жетістіктерінің бірі – «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» атты қосымша оқу пәнінің мазмұнын құрастырып ұсынуы.

Зерттеудің мақсат-міндеттері айқын, жетекші идеясы нақты, теориялық негізі мығым. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі дұрыс таңдалған және соған орай пайдаланылған зерттеу әдістері нақты әрі дәйекті нәтижелер алуға негіз болған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, пайымдаулары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін тіл мен мәдениет бірлігінде мәтін арқылы қалыптастыру – қазіргі білім беру парадигмасын идеалдандырудың аса маңызды концептуалдық негізі болып саналады. Осымен байланысты мәдени-тілдік құзыреттілік тіл мен мәдениеттің байланысы арқылы тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерінің жетілуіне, оның қарым-қатынасқа түсу қабілеттерінің дамуына, құзыреттіліктің барлық компоненттерін тұтастықта қалыптастыруға, қалыптасқан білік пен дағдыны өмірлік тәжірибеде тиімді қолдануға, сөз мәдениетінің жоғарылауына, тілдік кеңістікте жеке тұлға ретінде өз орнын белгілей алуға ықпал етеді деген тұжырым жасаған. Сонымен қатар отандық және шетелдік ғалымдардың тіл мәдениеті мен лингвомәдениеттану салалары бойынша жазылған еңбектерін талдай келе, мәдени-тілдік құзыреттілікке қатысты анықтамаларды бір жүйеге түсіріп, оған өзінше анықтама да ұсынады. Диссертант: «Мәдени-тілдік құзыреттілік дегеніміз - мәдениет туралы ақпаратты таңдаумен, тасымалдаумен және практикалық қызметте пайдаланумен байланысты білім мен білікті қамтитын тұлғаның интегративті қасиетін, мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді ажыра алу және мәдени-тілдік құзыреттілік аясында сәтті коммуникация орнату үшін қажетті тілдік тұлға қасиеттері», - дейді. Бұл анықтама М. Балақаевтан бастау алатын тіл мәдениеті туралы айқындаманы толықтыра келе, мәдени-тілдік құзыреттіліктің – лингвистика мен мәдениеттанудың шегінде пайда болған ғылым - лингвомәдениеттанудың - өркендеуіне өз үлесін қосады ғой деген үміттеміз.

Екінші ғылыми нәтиже. Ізденуші қазіргі қазақ тіл біліміндегі жас жаңа бағыт ретінде мәдени тілдік құзыреттілік теориясының негіздерін ғылыми тұрғыдан зерттеген Н. Уәлидің, Г. Смағұлованың «тіл мен мәдениеттің байланысы, сондай-ақ мәдениеттің концептілік өрісіне тілдің енуі» деген пікірін назарда ұстап, филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілік

дағдыларын өзінше жүйелеп беруге тырысқан. Осы ретте тіл мен мәдениет бірлігіндегі дағдылар жүйесі деп төмендегі дағдылар кешенін бөліп алған:

- белгілі бір тіл бірліктері аясындағы жүйелі қатынастар заңдылықтарын түсіну дағдысы;

- тілдің бейнелі-ассоциативтік қызметін меңгеру (концепт, символ, әлемнің тілдік бейнесі және т.б.) дағдысы;

- тұлғаның эмоциясын тудырып және оны бағалауға түрткі болатын мәдени маңызды тілдік бірліктердің қажетті жинағын (фрейм, ойсурет, сценарий) игеру дағдысы;

- синхронды және диахронды сипаттағы мәдени қондырғылар жүйесін (коннотация) білу дағдысы;

- мәдени және тілдік кодты мәтіннен таба білу және ажырату дағдысы;

- маңызды мәдени тілдік бірліктерді орынды қолдана білу дағдысы.

Берілген мәдени-тілдік құзыреттілік компоненттеріне жеке дара лингвистикалық тұрғыдан тоқталып, өз ойын мысалдар арқылы дәйектеген. Бұл мәселелер филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен мәтіннен мәдени-тілдік бірліктерді ажырата алуында, әлемнің концептуалды бейнесінің әлемнің тілдік бейнесіне ұласатынын көрсетуде, танытуда өте маңызды. Сондықтан диссертант бұл аталған дағды кешендерін мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың мәтін құрылымында көрініс табатын маңызды тетіктері деп санайды.

Үшінші ғылыми нәтиже. Өмір қажеттілігіне қарай заманауи білім алу ұғымы мен филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың философиялық негізін түсіндіре келіп, рухани құндылықтарға тоқталған. Зерттеуші филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігі үздіксіз білім алу мен оған жетудің жолдарын түсініп, жүзеге асырумен сабақтасып жатқандығын айтады. Қазіргі жаңа парадигмада кездесетін «үздіксіз білім алу», «өмір бойы білім алу», ұлттық құндылықтарға негізделген «мәдени кодты игеру», «тұлғаға аксиология арқылы білім беруді бағыттау» дейтін тірек сөздерді түсіндіре келіп, оларды Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен байланыстыра тұжырымдайды. Ізденуші филолог-маманның дүниетанымын қалыптастыру мәселесін философиялық теориямен сабақтастырады. Таным мен тіл, тіл мен сана, әлемнің тілдік бейнесін философиялық тұрғыдан талдап, Т. Жүргеновтің «Тіл адамның дүниетанымы дәрежесін көрсетіп қоймай, оның адам болып қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Дүниежүзілік мәдениетке ана тілі арқылы ғана барамыз» деген пікірін алға тартады. Дүниетанымы қалыптасқан филолог-мамандардың мәтінді түсіну деңгейін психологиялық тұрғыдан зерделеген ғалымдардың пікірлерімен тұжырымдайды. Болашақ филолог-мамандардың іс-әрекетінің психологиялық мазмұны мен құрылымының өзіндік айрықша ерекшелігіне мыналарды жатқызған: мақсаттың және нәтиженің жоғарылығы (білім, дағды, іскерлікті меңгеру, жеке тұлғалық қасиеттердің дамуы); оқу нысанындағы ерекше өзгешеліктер (ғылыми білім, болашақ еңбек туралы); маңызды іс-әрекет құралдары (әдебиеттер, ақпараттық технология); ортаға бейімделу, рухани дүниетанымының толығы. Диссертант филолог-

мамандардың білімді өздігінен игеруіне мүмкіндік жасау, оқу үдерісінде кредиттік технология талаптарын басшылыққа алу, дамыған елдердің оқыту әдістерін меңгеру - мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыра оқытудың басты талабы деп көрсетеді. Филолог-мамандардың әртүрлі мәтіндер арқылы мәдени тілдік құзыреттіліктерінің қалыптасуы олардың өздігінен білім алуы арқылы да шешілуі мүмкін мәселе. Мұндайда олардың шығармашылық қабылеттері еркіндік алады. Осы нәтижеге қол жеткізу үшін зерттеуші оқыту үрдісінің ғылыми тұрғыдан жүйеленуіне, оқыту мен тәрбиенің гуманизациясы мәселесіне, оқыту үрдісінің кәсіби бағытталуына, оқыту үрдісіндегі интеграция мәселесіне айрықша орын бере отырып, білім беруді аксиологияландыру ұстанымы мен қатысымдық және когнитологиялық ұстанымдарды ұсынады.

Төртінші ғылыми нәтиже. Зерттеуші қазіргі білім беру үдерісінде жалпыға бірдей және кең таралған – мәтін талдау түрлерін, атап айтқанда, *лингвистикалық (тілдік), лингвостилистикалық, филологиялық, концептуалдық* талдау түрлерін айтып, оларға жеке-жеке тоқталған. Оларды ішінара бөліп, тіл білімінде лингвистикалық талдаудың лингвистикалық түсіндірме беру, толық деңгейлік және жартылай лингвистикалық талдау және мәтінге лингвопоэтикалық талдау жасау деген үш түрін көрсетеді. Әр талдауға шетелдік ғалымдардың берген теориялық анықтамаларын келтіре отырып, оларды отандық ғалымдардың пікірімен сабақтастыра жүйелеген. Ал лингвостилистикалық талдау туралы айтқанда функционалды стилистиканың негізін қалаушы ұстанымдарға сүйенеді. Ол мазмұн мен форма бірлігі ұстанымы; жалпы мен жекені біріктіру ұстанымы және нақты-тәжірибелік тәсілдер немесе олардың белгі бір әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылатынын айта келіп, мынадай тәсіл түрлерін көрсетеді: жалпы ғылыми оған: (тікелей бақылау тәсілі, сипаттама әдісі және бақылау, жалпылау, салыстыру, жіктеу, эксперимент, реконструкция, интерпретация әдістері), үлгілеу тәсілі; жалпы филологиялық: тілдік материалдарды интерпретациялау және салыстыру талдаудан тұрады; жалпы лингвистикалық: құрылымдық//құрылымдық-семантикалық талдау, статистикалық талдау, лингвистикалық парадигмаларды құрастыру тәсілі, өрістік құрастыру тәсілі, кешенді талдау; жартылай лингвистикалық, соның ішінде стилистикалық тәсілдер: дискурсты талдау, дистрибутивті талдау, компоненттік талдау//контекстологиялық талдау, прагматикалық талдау, семалық талдау, құрылымдық-мағыналық талдау, дискурс-талдау дейтін түрлер жатады. Бұдан зерттеушінің талдау түрлеріне өзіндік ұстанымы тұрғысынан қарап, тың өзгерістерді қамтамасыз еткенін байқаймыз. Сонымен бірге бұл талдаулар мәтін талдауға қатысты теориялық еңбектердің қатарын толықтыра түседі деген сенімдеміз. Сондай-ақ талдаудың бұл түрлері қазіргі тіл біліміндегі антропологикалық бағытқа сәйкес көркем мәтін құрылымындағы тілдік сананы, оның нақты идеологиялық бағытын, құрылымын, ассоциативтік байланыс негізінде туындайтын сөздің лексика-семантикалық қосымша мағынасын табуға бағытталатындықтан, қазіргі мәтін талдау әдістемесінің негізін құрайтынын айтады. Бұған концептологиялық талдау деген атау береді.

Диссертант мұның себебін талдаудың бұл түрі өз құрамына бірнеше ғылым түрлерін біріктіреді деп түсіндіреді.

Бесінші ғылыми нәтиже. Концептологиялық талдауды аса қажет дей келіп, диссертант «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» атты қосымша оқу пәнін ұсынып, оның құрылымдық мазмұнын құрастырады. Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыруда лингвомәдени және концептуалды талдаудың білім беру мазмұнын жаңарта алатынын айтады. Атап айтқанда, тілдік тұлғаның концептіні анықтай алу дағдысы мен тірек сөздер арқылы ұғымдардың концептілік өрісін санада қорытып, тілдік бірліктер арқылы бере алатынын айтады. Мәдени код пен тілдік кодтың аражігін ажыратып, өздігінен мәтіннен таба алатынын айтады. Диссертант бұл мәселелер филолог-мамандардың кәсіби-интеллектуальдық деңгейін дамытып, жетілдіріп, мәдени-тілдік құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге білім беру мазмұнының да жаңаша бет бұруына өзіндік үлес қоса алатындығын дәлелдейді.

Теориялық білімді практикамен ұштастыру – оқытудың тиімді жолдарын көрсетеді. Осы ретте зерттеуші магистранттарды оқыту барысында танымдық, интеллектуалдық семинар жүргізе отырып, интербесенді әдістерді қолдануды ұсынады. Ұсынған жолдардың тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдейді.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесімен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; лингвомәдениеттану саласының термині ретінде мәдени-тілдік құзыреттілікке берілген отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерін жүйелеген. Осының нәтижесінде мәдени-тілдік құзыреттіліктің анықтамасын ұсынған. Берілген тұжырымдар мен пікірлер қазіргі ғылыми парадигмадағы лингвомәдениеттану ғылымының дамуына өз үлесін қоса алады.

Екінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа; мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыру дағдылары бірінші рет ажыратылып көрсетілген. Оларды көркем мәтінді талдай отырып, анықтауы, семантикалық жағынан ажыратуы, аялық білімді тілдік біліммен байланыстыруы – ізденушінің осы мәселенің мәтін тануға негіз болатынын көрсетуі деп бағалауға болады.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; бұл мәселеде филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық (дүниетанымдық, психологиялық, дидактикалық) негіздері қалыптасқан әдіснама тұрғысынан қарастырылғанымен, зерттеушінің ұсынуында мазмұндық және мағыналық жағынан жаңартылып, білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай білім беру мазмұнын ұйымдастырудың жолдарын көрсетуі, дидактикалық жағынан дәстүрлі ұстанымдармен қатар, өзіндік ұстанымдарын ұсынуы, мысалдар арқылы дәлелдеуі лингвистика ғылымының дамуына септігін тигізе алады.

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа; осы уақытқа дейін рухани құндылықтарға негізделген көркем мәтінді талдауда образдар жүйесі бойынша, автор ізімен талдау ұсынылып келгені белгілі. Лингвомәдени және

концептуалды талдаулар соңғы кездерде жарияланған ғылыми зерттеулерде кездескенімен, бір жүйеге түспеген еді. Зерттеуші мәтін талдауда лингвомәдени және концептуалды талдаулар түрін ұсынып қана қоймай, бұл талдаулардың әдістемесін де ұсынады. Зерттеуші тілдік тұрғыдан талдаудың түрлерін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жасаған. Онда оқушы – студент – магистрант тілдік тұлғасының сипаттамасы салыстырылады. Сөйтіп, алғаш рет магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың моделі жасалған.

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа; сондай-ақ болашақ жоғары мектеп білім алушысының мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қосымша оқу пәнінің мазмұны құрастырылып, білім мен тәжірибені ұштастыруда қолданылатын әдістер нақтыланып, олардың түрлері мен пайдалану жолдары көрсетілген. Жұмыста берілген әдістемелік кешенді филолог-оқытушылар өз жұмыстарында пайдалануға дайын материал деп қарауға болады.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу жұмысында келтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатқа жұмылдырылып барып, дәйектелген. Әр тараудағы ой-тұжырымдар бірін-бірі толықтырып, нәтижесінде магистратурада филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру мәселесі теориялық және әдістемелік жағынан тиянақталған.

Жалпы, диссертацияда әрбір ғылыми нәтиже мен түйін-қорытынды өзара тығыз байланысты, бірінен-бірі өрбіп отырады. Жұмыстың әр тарауы мен оның бөлімдеріндегі жүйелі түзілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып жатыр.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары қазақ тілін оқыту әдістемесін, көркем мәтінді лингвистикалық талдауды толықтырады, осы мәселеде оны байытуға қосылған жаңа үлес болып табылады. ЖОО-дан кейінгі білім беруді дамыту бағытында жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінде түрлі мамандық бойынша жүргізілетін мәдени-тілдік құзыреттілікті мәтін арқылы қалыптастыру әдістемесіне теориялық-әдістемелік негіз қызметін атқарады.

Қолданбалылық міндеттерді шешуде ғылыми зерттеудің материалдарын, нәтижелері мен пайымдауларын жоғары оқу орындарында «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Риторика», «Тіл мәдениеті», «Лингвомәдениеттану», «Қазақ тілінің семантикасы» пәндері бойынша оқытылатын дәрістерде, тәжірибелік сабақтарда, мәдени-тілдік құзыреттілікке қатысты арнаулы курстарда студенттер мен магистранттар үшін қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеу жұмысының кейбір теориялық мәселелері халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып, ғылыми семинарларда талданған. Диссертациялық жұмыста айтылған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен автордың ой-пікірлері халықаралық дәрежедегі ғылыми конференциялар

шығарған жинақтарда, алыс-жақын шетелдік және отандық басылымдарда жарияланған. Жарияланымдар диссертацияның тақырыбы аясында жазылған.

8. Диссертацияның мазмұны мен жазылуы жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертацияда зерттеу нәтижесінде магистратурада филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру мәселесі теориялық және әдістемелік жағынан тиянақты дәйектелгендігін атай отырып, оның мазмұны мен құрылымындағы ескертпе-ұсыныстарды айтқымыз келеді:

- зерттеу жұмысы барысында мәтін талдаудың үлгілері көбірек ұсынылғанда болар еді немесе қосымшада көрсетілсе де болар еді;
- кейбір сөйлемдерде стильдік қателер кездеседі, олар диссертацияны түсінуді қиындатады.

Алайда, аталған сын-ескертпелер диссертациялық зерттеудің мазмұнына, теориялық және әдістемелік құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі. Диссертация жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған. Ғылыми жұмысқа қойылатын стандартты талаптар толық сақталған. Ғылыми жұмыстың мәтін көлемі, шрифт өлшемдері және тағы да басқа техникалық талаптары жұмыста сақталған. Мыңбаева Акбілек Пазылхановнаның «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Мыңбаева Акбілек Пазылхановна 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы

Әлметова Ә.С.

Қойылған *Ә.С. Әлметова*
қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы
Подпись *Әлметова Ә.С.* заверяю
Инспектор отдела кадров *К.С.*

